





**1150 ЖЫЛ**

Әл-Фарабидің мерейтойына арналады



KazNU Science • ҚазҰУ Ғылымы • Наука ҚазҰУ

АЛ-ФАРАБИ атындағы АЗАНДЫҒА АЛ-ФАРАБИ атындағы АЗАНДЫҒА АЛ-ФАРАБИ атындағы АЗАНДЫҒА  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ  
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

# ХАБАРШЫ

ШЫҒЫСТАНУ СЕРИЯСЫ

# ВЕСТНИК

СЕРИЯ ВОСТОКОВЕДЕНИЯ

# JOURNAL

OF ORIENTAL STUDIES

4(95) 2020

---

## МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ – CONTENTS

<b>1-бөлім</b> <b>Тарих</b>	<b>Section 1</b> <b>History</b>	<b>Раздел 1</b> <b>История</b>
<i>Lee Byong Jo</i> The life and tragedy of anti-Japanese Korean independence activist Choi Jae-Hyung's family (based on the records of surviving families members) .....		4
<i>Zhailybayev D.Zh., Serikkaliyeva A.E., Taldybayeva D.A.</i> Some aspects of socio-cultural integration of young repatriates .....		15
<i>Бадалова Т.К.</i> Месневи Низами в знаменитом историческом источнике XIII века .....		21
<i>Кагазбаева Э.М., Малимова А.Е.</i> Қытай Халық Банкінің монетарлы саясатының елдің экономикалық дамуына әсері .....		30
<i>Рахымбай Б.Қ., Ақын Б.Қ.</i> Түркияның мемлекеттік басқару жүйесін реформалаудың алғышарттары.....		40
<b>2-бөлім</b> <b>Филология</b>	<b>Section 1</b> <b>Philology</b>	<b>Раздел 2</b> <b>Филология</b>
<i>Гельдыев Р.К., Гундогдыева Г.А.</i> Туркменские фразеологизмы, выражающие черты характера человека, и их эквиваленты в персидском языке .....		50
<i>Анипина А.К., Оразақынқызы Ф.</i> Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің грамматикалық құрылымы .....		55
<i>Toktarova Zh.</i> Development of Korean-Russian interpreting textbook: mobile application .....		62
<i>Сапашев О.С.</i> Принципы представления картины мира у народов Центральной Азии.....		70

А.К. Анипина<sup>\*</sup> , Ф. Оразақықызы 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>\*</sup>e-mail: aliyaanipina80@gmail.com

## ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Әр халықтың әлемдегі мәдени көрінісі ерекше және өмір сүру жағдайлары, тарихы, әлеуметтік құрылымы, дәстүрлері, өмір салты сияқты факторлармен анықталады. Әлемнің мәдени көрінісі өзінің барлық көзқарастарымен лингвистикалық құралдармен дәлелденеді, соның арқасында әлемнің лингвистикалық бейнесі туралы сөйлесуге болады және ойлау деңгейінде қалыптасқан және мәдениеттануға негізделген тұжырымдамаларды салыстыруға және өзара салғастыруға болады. Мақал-мәтел халықтың ерекше тілдік формасы болғандықтан, лексикология грамматиканы зерттеу нысаны болып табылады. Сөйлемнің құрылымы жағынан, қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің көбісі ұзын және қысқа болып келеді, жинақы, қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдерде жәй сөйлемнен және күрделі сөйлемнен келетін мақал-мәтелдер бар, эллиптикалық сөйлемдер де кездеседі. Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің сөйлем құрылымы және грамматикалық құрылымы жағынан ұқсастықтары және айырмашылықтары кездеседі. Екі тілдегі мақал-мәтелдерді грамматика жағынан салыстырсақ, екі тілдегі мақал-мәтелдердің ерекшеліктеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көруге болады. Берілген мақалада генеологиялық тілдер тобы жағынан екі түрлі қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің грамматикалық құрылымы жағынан ұқсастықтары мен айырмашылықтары қарастырылған. Екі тілдің мәдениет пен тіл тұрғысынан өзара байланысын көрсету негізінде әлемдік тілдік бейне арқылы көрінетін ұлттық дүниетанымды терең түсінуге мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** мақал, мәтел, фразеологизм, паремия, дағдылы сөздер, фраза, идиома, тұрақты тіркес.

A.K. Anipina<sup>\*</sup>, F. Orazakynkyzy

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,

<sup>\*</sup>e-mail: aliyaanipina80@gmail.com

### Grammatical structures of proverbs and sayings in Chinese and Kazakh languages

The cultural image of each nation in the world is unique and is determined by such factors as living conditions, history, social structure, traditions, way of life. The cultural view of the world is confirmed by all his views by linguistic means, so that we can talk about the linguistic picture of the world and compare and contrast concepts formed at the level of thinking and based on cultural research. Proverbs and sayings are a special linguistic form, therefore lexicology is the object of grammar research. Chinese proverbs as a constant unit of the language have some features that distinguish them from the Kazakh proverbs and sayings. This article reveals the general and specific in the grammatical structure of proverbs and sayings based on the material of the Kazakh, Chinese languages and their theoretical understanding in the aspect of the problem of the relationship between language and culture, which will contribute to a deeper understanding of the national perception of the world reflected in the linguistic picture of the world.

**Key words:** proverb, saying, phraseological unit, paremia, set expressions, idiom, phrase.

А.К. Анипина<sup>\*</sup>, Ф. Оразақықызы

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,

<sup>\*</sup>e-mail: aliyaanipina80@gmail.com

### Грамматическая структура пословиц и поговорок в китайском и казахском языках

Культурный образ каждой нации в мире уникален и определяется такими факторами, как условия жизни, история, социальная структура, традиции, образ жизни. Культурный взгляд на мир подтверждается всеми его лингвистическими средствами, так что мы можем говорить

о языковой картине мира и сравнивать и противопоставлять концепции, сформированные на уровне мышления и основанные на культурных исследованиях. Пословицы и поговорки являются особой языковой формой, поэтому лексикология является объектом исследования грамматики. Китайские пословицы как постоянная единица языка имеют некоторые особенности, которые отличают их от казахской паремии. Китайские и казахские пословицы и поговорки по структуре предложения бывают короткими и длинными, компактными, а также имеют простые и сложные и эллиптические формы. Пословицы и поговорки этих двух стран по структуре предложения и грамматическим структурам имеют взаимные сходства и различия. Данная статья выявляет общее и специфическое в грамматической структуре пословиц и поговорок на материале казахского, китайского языков и теоретического осмысления их в аспекте проблемы взаимосвязи языка и культуры, что будет способствовать более глубокому пониманию национального мировосприятия, отраженного в языковой картине мира.

**Ключевые слова:** пословица, поговорка, фразеологизм, паремия, устойчивые выражения, идиома, фраза.

## Кіріспе

Кез келген ұлттың тарихынан сыр шертер мол мұра – сол ұлтта қолданатын мақал-мәтелдері арқылы көрініс табады. Мақал-мәтелдер – халықтың өміріндегі әрқилы кезеңдерді, қарым-қатынас мен қоғамдық жағдайларды бейнелеп сипаттайтын, адам көңіліндегі ойды шебер де ұғымды жеткізетін, қысқа да нұсқа тұжырымдар жасайтын, мән-мазмұнға бай сөздік құрам болып табылатыны сөзсіз. Кез келген халық өзінің өмір шындығын, ойына түйгенін, көңіл-күйін мақал-мәтел арқылы өзінің кейінгі ұрпағына үлгі-өнеге етіп қалдырған. Ғ. Жандыбаев «Сөз мәйегі» атты еңбегінде: «Мақал-мәтелдер – тағылым, тәрбие, даналық мектебі, сондай-ақ сонау ерте замандарда туған мақалдар барлық ұрпақтармен бірге жасасып, күні бүгінге дейін біздің де құлағымызға жағымды, санамызға сіңімді, тілімізге жатық қалпын сақтап келеді. Осылай бола да бермек. Бұл мақал-мәтелдердің ескірімес, көнермес асылдығын көрсететін қасиеті», – деп тілдік қорды байытатын ел мұрасының мәнді, айшықты, зор талғаммен ерекшеленіп алынған сөз тізбегі екендігіне, олардың ерекше қасиетіне мән береді (Ө. Тұрманжанов, 2007:115).

## Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Зерттеуіміздің негізгі мақсаты – генеологиялық тілдер тобы жағынан екі түрлі қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің грамматикалық құрылымы жағынан ұқсас жақтары мен айырмашылықтарын табу. Ол үшін екі тілдің мәдениеті мен тілінің өзара байланысын көрсету үшін әлемдік тілдік бейне арқылы көрінетін ұлттық дүниетанымды терең түсіну керек. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- қытай және қазақ мақал-мәтелдерін зерттеудің теориялық негіздерін зерделеу;
- қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің құрылымдық-грамматикалық ерекшеліктерін анықтайтын тілдік және мәдени құбылыстарды талдау;
- теориялық тұрғыдан негізделген критерийлерді басшылыққа ала отырып, кейінгі талдау үшін қытай және қазақ тілдерінің ММ сөздіктерінен мақал-мәтелдерді таңдап алу;
- ММ-нің екі тілдегі бейнесінің және лексикалық-грамматикалық көрініс табуының өзіндік ерекшелігін анықтау.

## Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Зерттеу барысындағы қойылған міндеттерді орындау үшін келесі әдістер қолданылды: сипаттау әдісі; салыстырмалы-салғастырмалы әдіс; семантикалық талдау әдісі (сөздіктерге сәйкес); байқау әдісі; компоненттерді талдау әдісі; лингвомәдени талдау әдісі, бағалау сипаттама тәсілі.

Зерттеуде негізгі қолданылған материал ретінде Ө. Тұрманжановтың «Қазақтың мақалдары мен мәтелдері» жинағы мен қытай тіліндегі Мейләтхан (美拉提汉) құрастырған қытай және қазақ мақал-мәтелдерінің сөздігін ерекше атауға болады. Сонымен қатар қытай және қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді зерттеумен айналысып келе жатқан Чэн Шисуньнің «Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдерді салыстырмалы зерттеу» (汉哈谚语对比研究) еңбегі пайдаланылды.

## Нәтижелер мен талқылаулар

Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің тілдері әртүрлі, сөйлем құрылымы жағынан ұқсас, мақал-мәтелдер екі жақта да бір

сөйлемнен, екі сөйлемнен, үш, төрт және күрделі сөйлемнен тұрады. Екі сөйлемді мақал-мәтелдер саны көп, сондай мақал-мәтелдің қолданылуы да көп (成世勳, 2016).

Бір сөйлемді мақал-мәтелдер: бір сөйлеммен жасалған мақал-мәтелдер құрылымы жағынан тұрақты, кейбір мақал-мәтелдер бір сөйлемнен тұрса да терең философиялық мағына береді, ойы қорытылған. Бір сөйлемді мақал-мәтелдерде екі жағдай орын алады:

1) метафораның объектісі мен субъектісі қатар пайда болады, қытай мақал-мәтелдеріндегі метафораның субъектісі мен объектісін байланыстыратын салыстырмалы сөздер «是», «似», «如» және т.б. Бірақ қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерде метафораның субъектісі мен объектісін байланыстыратын салыстырмалы сөздер қолданылмайды;

2) қытай тіліндегі мақал-мәтелдерде метафораның субъектісі мен объектісін байланыстыратын салыстырмалы сөздер қысқартылып қолданылады, бұл құбылыс классикалық метафораланған мақал-мәтелдерге тән.

Мысалы, қытай тіліндегі мақал-мәтелдерде:

- 救兵如救火.
- 托人如托山.
- 瑞雪兆丰年. (美拉提汉, 1986).

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерде:

- Аққа зауал жоқ.
- Ат иесі алдына мінеді.
- Жетім бала кекшіл. (Ө. Тұрманжанов, 2007)

Екі сөйлемді формадағы мақал-мәтелдерге тоқталатын болсақ:

Екі сөйлемді формадағы мақал-мәтелдерде синтаксистік формалары бірдей болады, сөйлемнің әр бөлігі пропорционалды болып келгендіктен оларды симметриялы мақал-мәтелдер деп атайды. Бұндай мақал-мәтелдерде ритм мен құрылым бір-біріне үйлеседі, айтуға және есте сақтауға оңай, адамға бірден түсінікті, қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдерде кең қолданылады, сондықтан осы формадағы мақал-мәтелдердің саны басқа формалардан көп, қолдану аясы да кең.

Мысалы:

- 己所不欲，勿施于人。(假设)

Жақсылық қылсаң өзіңе,

Жамандық қылсаң өзіңе,

Аспанға қарай оқ атсаң

Қайтып тиер көзіңе. (гипотеза)

- 播种什么，收获什么。(条件) Не ексең

соны орасың (жағдай)

- 宁为玉碎，不为瓦全。(取舍) Басқа

елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол (таңдау)

- 看菜吃饭，量体裁衣。(对仗) Белгілі бір жағдайға сәйкес әрекет ету керек, объективті шындыққа сәйкес шаралар қолдану керек. (антитеза) (美拉提汉, 1986).

Қазақ тілінде:

- Жаман көлдің суы ащысы, жаман адамның тілі ащысы. (аллитерация)

- Жаман дос ашындырады, жақсы дос ашылдырады. (ырғақ)

- Күйеу жүз жылдық, құда мың жылдық.

- Қол – бастың гүлі, аяқ – бастың аты.

(Ө.Тұрманжанов, 2007)

Екі сөйлемді мақал-мәтелдердің қытай және қазақ тілдеріндегі ұқсастықтары мен айырмашылықтары бар. Қытай тіліндегі мақал-мәтелдер күрделі сөйлеммен беріледі, байланысқан сөздер жасырылған; ал қазақ тілінде екі сөйлемді мақал-мәтелдер ырғақ әдісімен жасалады, сөйлем соңы рифммен келетіні көбірек.

Үш сөйлемді мақал-мәтелдерге тоқталатын болсақ:

Үш сөйлемнен тұратын мақал-мәтелдер үш сөйлемнен құралады. Қытай және қазақ тілдерінде үш сөйлемнен келетін мақал-мәтел саны аз, әдетте лексикалық қайталау орын алады; қытай және қазақ тілдерінде үш сөйлемді мақал-мәтелдер екі сөйлемді мақал-мәтел секілді аллитерация, ырғақ және рифм қолданылады (成世勳, 2016).

Мысалы:

- 一个和尚挑水吃，两个和尚抬水吃，三个和尚没水吃。(押尾韵) Қойшы көп болса, қой арам өледі.

- 捉奸见双，捉贼见赃，杀人见伤。

Кінәламай тұрып шындықты білу керек

- 公修公得，婆修婆得，不修不得。(美拉提汉, 1986).

Қазақ тілінде:

- Кедеймін деп қысылма, өнерің болса қолыңда,

өнерлінің ырысы жарқырап жатар жолында.

- Жақсы әйел, жарының жақсысын асырар, жаманын жасырар.

- Қонағыңа құр сөзді қойып ас тарт,

ауқатың болса, қой сойып бас тарт. (Ө.Тұрманжанов, 2007)

Төрт сөйлемді мақал-мәтелдерге келсек:

Осы формадағы мақал-мәтелдер қытай және қазақ тілдерінде көбірек кездеседі.

Қытай тілінде:

- 有儿就有女，有女就有儿；媳妇就是女，女婿就是儿。(押腹韵)

- 早移晚不移，涝移旱不移；大移小不移，壮移瘦不移。

- 喜有喜报，恶有恶报；不是不报，时辰未到。(美拉提汉, 1986).

Қазақ тілінде:

- Қауым қара жерді жамандама, қайтып сонда барасың,

қауым елді жамандама, қаһарына қаларсың.

- Ұлым жақсы болсын десең, ұлы жақсымен ауылдас бол;

қызым жақсы болсын десең, қызы жақсымен ауылдас бол.

- Жақсыға берсең асыңды, жақсы сыйлар басыңды;

жаманға берсең асыңды, итке тастар басыңды. (Ө. Тұрманжанов, 2007)

Бірнеше сөйлемді мақал-мәтелдер:

Бұл формадағы мақал-мәтелдер құрамы бірнеше сөйлемнен тұрады, қытай және қазақ тілдерінде бұндай мақал-мәтелдер өте аз, олардың көбі белгілі бір ырғақпен келеді, қолданыс аясы кең емес.

Мысалы:

- 糖瓜祭灶，新年来到，姑娘要花，小子要炮，老头儿要一顶新毡帽。

- 柏树肥，杉树凉，黄土坡上种松，背风地点栽槐杨，

扼木栽在河边上，柳树喜欢在水旁。(美拉提汉, 1986).

Қазақ тіліндегі мақал-мәтел:

- Анық масақ қуанар қойдан туған егізге, анық шаруа арығын айналдырар семізге,

- Өнерлі болып ұл өсіп,

қылықты болып қыз өсіп,

атаңды жаман дегізбе.

- Ағасы бардың жағасы бар – жақсы болса жағасы бар,

Жаман болса, інісіне жабар жаласы бар,

Інісі бардың тынысы бар – жақсы болса, тынысы бар,

Жаман болса, ағасына артар жұмысы бар.

(Ө. Тұрманжанов, 2007)

Қазақ және қытай тілдеріндегі мақал-мәтелдердің сөйлем құрылымы ұқсас болып келеді, екі халықта да бір сөйлемді, екі сөйлемді..... көп сөйлемді мақал-мәтелдер кездеседі. Солардың ішінде екі сөйлемді мақал-мәтелдер мөлшері. Көп сөйлемді мақал-мәтелдер ұзын болғанымен, есте сақтауға оңай, айтуға қолайлы.

Екі тілдегі мақал-мәтелдердің сөйлем құрылымы көбінесе ұзынды-қысқалы байланыспен, бірыңғайлығымен, ырғақтық-әуендік құрылымының реттілігімен, айтылған ойдың анықтығымен беріледі. Екі тілдегі мақал-мәтелдер негізінен ашық рай әдісі, сұрау әдісі мен бұйрық рай әдісі ыңғайындағы мақал-мәтелдер,

сонымен қатар жәй сөйлемді, қысқарған формадағы, күрделі сөйлемді, ықшамды формадағы сөйлемдер. Бұл екі тілдегі мақал-мәтелдердің қасиеттері, қызметі жағынан бір сөйлем болып келеді, бірақ олар жәй сөйлем емес, сөйлемнің формасы толығымен ауызша немесе жазбаша формада пайда болған. Сондықтан, мақал-мәтелдің бейнелеу формасында ерекшелігі бар. Silverman Weinreich (1978:72) айтуынша: «Мақал-мәтелдің ең маңызды жағы – оның грамматикалық бастаушы абстрактілі, қарапайым, негізгі баяндаушы қазіргі уақытты көрсетеді, өткен уақытты көрсетпейді, болашақты білдіретін баяндаушы өте аз кездеседі». Осыдан мақал-мәтелдің грамматикадағы ерекшелігі – жалпылығында. Төменде қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдерінің грамматикалық құрылымын сөйлем түрлері мен формалары жағынан қарастырамыз.

Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің сөйлем құрылысы жағынан айырмашылықтары болғандықтан, хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, бұйрықты сөйлем жағынан бөліп қарастырамыз.

Хабарлы сөйлем:

Хабарлы сөйлем формасындағы мақал-мәтелдер баяндау немесе айтылған фактіні баяндау тоны бар мақал-мәтелдер, бірақ адамдардың әдетте айтатын хабарлы сөйлемінен айырмашылығы бар. Қытай тіліндегі хабарлы сөйлемді мақал-мәтелдерде «了», «的», «呢», «罢了», «嘛», «啊» секілді демеулік шылаулар қолданылмайды. Қазақ тіліндегі хабарлы сөйлемді мақал-мәтелдерде жұрнақ өзгерісі болады (成世勋, 2016).

Қытай тілінде:

- 螻蛄飞过都有影。

- 癞蛤蟆想吃天鹅肉。

- 冬雪是麦被，春雪是麦害。

- 强将手下无弱兵。(美拉提汉, 1986).

Қазақ тілінде:

- Адам жүрген жер гүлстан.

- Бір қылыштың жүзінде мың адамның басы бар.

- Қарғаның көзін қарға шоқымас,

Қазының көзін хан шоқымас. (Ө. Тұрманжанов, 2007)

Сұраулы сөйлеммен жасалған мақал-мәтелдер:

Бұл типке сұраулы тонмен сұрақ қойылған мақал-мәтелдер жатады. Сұраулы сөйлем арқылы жасалған мақал-мәтелдер әдеттегі сұраулы сөйлемнен ерекшеленеді, оның мақсаты сұрау емес, шындықты баяндау. Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдер сөздіктері бойынша

қытай тілінде қазіргі таңда сұраулы сөйлеммен жасалған мақал-мәтел жоқ екені анықталды, ал қазақ тілінде кездеседі, біраз мөлшері аз. Қазақ тіліндегі сұраулы сөйлеммен жасалған мақал-мәтелдер ішінде біразы қайыра сұрау формасымен жасалған. Қайыра сұрау – жауап беруді қажет етпейтін форма, себебі жауабы сұрақтың ішінде беріледі. Қайыра сұраулы сөйлем формасымен жасалған мақал-мәтелдер сұраулы тоннан басқа, көңілі толмау, тойтарыс беру, ренжу, мақтау секілді сөз сыңайымен беріледі. Қайыра сұраулы сөйлем формасындағы мақал-мәтелдер тілдің құдіреттілігін арттыруда және күшті тілдік әсерлерді көрсетуде өте маңызды рөл атқарады. Оның ерекшелігі – болымды мағынадағы сөйлем болымсыз пікір иеленеді, болымсыз формадағы сөйлемде болымды пікір болады, иа – жоқ формада қолданылады (成世勳, 2016).

Дұрыс-бұрыс сұрақ формасындағы мақал-мәтелдер

Оның құрылысы хабарлы сөйлемге ұқсас, тек сұрақ қою интонациясы болады немесе демеулік шылау қолданылады, қазақ тілінде сұраулы көмекші сөздер қолданылады.

Мысалы:

- Байды бай қылған ет пен май емес пе?  
Кедейді кедей қылған бек пен бай емес пе?
- Өз қадірін білмеген кісі қадірін біле ме?  
Өзін білгір санаған өзгені көзге іле ме?
- Өзіңе өзің сенбесең,  
Жеңіске қолың жете ме?  
Өзімдікі жоқ десең,  
Өзгеге сөзің өте ме? (Ө. Тұрманжанов, 2007)

1. Таңдау сөйлемді формадағы мақал-мәтелдер

Қайталау формасын көрсететін екі немесе екіден де көп жағдай орын алады, мақал-мәтелдің негізгі мазмұнын көрсету үшін риторикалық тон қолданылады. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерде таңдау сұраулы сөйлеммен келетін мақал-мәтелдер саны аз.

Мысалы:

- Жерден жердің несі кем?  
Егін шықса, гүл өссе?  
Ерден ердің несі кем?  
Уәдесін уәде етсе?  
Антан аттың несі артық?  
Жүрісі мен күші артық.  
Ертен ердің несі артық?
- Ерлігі мен ісі артық. (Ө. Тұрманжанов, 2007)

2. Арнайы сұрақ формасындағы мақал-мәтелдер

Сұрау есімдіктер қолдану арқылы (кім, қайдан, несі) сұраулы сөйлем жасалады, бұл

тек сөйлемнің толық сұраулы сөйлем екенін көрсетеді, ал жәй сөйлемде риторикалық сұрақпен беріледі. Қазақ тіліндегі сұраулы сөйлем формасындағы мақал-мәтелдер көптеп кездеседі.

Мысалы:

Кім

- Ағайын-туған кімде жоқ?  
Сыйласпасаң ол да жат.
- Киіз кімдікі болса, білек соныкі.
- Кімнің ақ, кімнің қара екенін суға түскенде көреміз.

Кімнің кінәлі, кімнің кінәсіз екенін сынға түскенде көреміз.

Қайдан

- Қыс киерін жаз киіп, жарлы қайдан байысын?

Қысы-жазы жұмыс қып, мая қайдан қайысын?

- Ағайынды жамандап, туганды қайдан табасың?

Арғымақты жамандап, тұлпарды қайдан табасың?

Не, несі

- Кісі болар баланың кісіменен ісі бар,

Кісі болмас баланың кісіменен несі бар?

- Етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда?

Әйелің сайпау болса, дүниенің тыныштығынан не пайда?

- Аз да бітер, көп те бітер, татулыққа не жетер? (Ө. Тұрманжанов, 2007)

3. Бұйрықты сөйлем формасымен жасалған мақал-мәтелдер

Өтіну, бұйрық беру, ақыл айту, ойын білдіру мазмұндағы мақал-мәтелдерді бұйрықты сөйлем формасымен жасалған мақал-мәтелдер деп айтады. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерде ақыл айту және ескерту мағынасындағы түрлері ең маңызды орын алады. Сондықтан, бұйрықты сөйлем формасымен жасалған мақал-мәтелдер жиі қолданылады. Қытай тіліндегі мақал-мәтелдерде бұйрықты сөйлем формасымен жасалған мақал-мәтелдерден басқаша, сөйлемде жоғары-төмен тон қолданылады, сөйлем соңында леп белгісі мен «吧», «啊» секілді демеулік шылаулар қолданылады. Қазақтың бұйрықты сөйлем формасымен жасалған мақал-мәтелдерінде бұйрықты сөйлем формасы әдетте етістіктің бұйрықты формасы арқылы жасалады, сонымен қатар жіктеу формасы өзгереді, екінші жақ немесе үшінші жақ атынан бұйыру көп кездеседі (成世勳, 2016).

Мысалы:

- 饭莫过饱, 饭后莫跑。



- 大蒜是个宝，常吃身体好。
- 乐观使人长寿。
- 要想身体好，常洗冷水澡。
- 若要身体好，天天要做操。(美拉提汉, 1986).

Қазақ тіліндегі бұйрықты сөйлем формасымен жасалған мақал-мәтелдер қытай тіліндегіден айырмашылығы – жіктеу формасында, негізінен екі формасы қолданылады, екінші және үшінші жақтан айтылады. Екінші жақтан айтылатын мысалда болымды немесе болымсыз түрі қамтылады. Қазақ тілінде көбінесе құрметпен атау формасы қолданылмайды.

- Алдансаң ақыл табасың,  
Аңды көрінбесең аласың,  
Ерінбесең аласың,  
Тау-тасты кезсең аласың,  
Мал-жаннан безсең аласың.
  - Тізеден сүрінсең де, тілден сүрінбе.
- ((Ө. Тұрманжанов, 2007)

Қазақ тілінде үшінші жақтан бұйрық беру формасындағы мақал-мәтелдер де болымды-болымсыз түрді иеленеді.

- Мысалы:
- Алдымен ел татсын,  
Онан соң ер татсын.
  - Жолдасын тастаған жолда қалар.
  - Өсекшінің жауы қасында.
- Жыланның уы басында. (Ө. Тұрманжанов, 2007)

### Қорытынды

Берілген мақалада қазақ және қытай тілдеріндегі мақал-мәтелдердің грамматикалық құрылымы қарастырылды.

Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің сөйлем құрылымы жағынан ұқсас және айырмашылықтар бар екенін байқадық:

- мақал-мәтелдерекі жақта да бір сөйлемнен, екі сөйлемнен, үш, төрт және күрделі сөйлемнен тұрады. Екі сөйлемді мақал-мәтелдер саны көп, сондай мақал-мәтелдің қолданылуы да көп.

- екі сөйлемді формадағы мақал-мәтелдерде синтаксистік формалары бірдей, ритм мен құрылым бір-біріне үйлескен, айтуға және есте сақтауға оңай, адамға бірден түсінікті. қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдерде кең қолданылады, сондықтан осы формадағы мақал-мәтелдердің саны басқа формалардан көп, қолдану аясы да кең.

- екі сөйлемді мақал-мәтелдердің қытай және қазақ тілдеріндегі ұқсастықтары мен айырмашылықтары бар. Қытай тіліндегі мақал-мәтелдер күрделі сөйлеммен беріледі, байланысқан сөздер жасырылған; ал қазақ тілінде екі сөйлемді мақал-мәтелдер ырғақ әдісімен жасалады, сөйлем соңы рифммен келетіні көбірек.

- хабарлы сөйлем формасындағы мақал-мәтелдерде баяндау тоны болады, бірақ адамдардың әдетте айтатын хабарлы сөйлемнен ерекшеленеді. Қытай тіліндегі хабарлы сөйлемді мақал-мәтелдерде «了», «的», «呢», «罢了», «嘛», «啊» секілді демеулік шылаулар қолданылмайды. Қазақ тіліндегі хабарлы сөйлемді мақал-мәтелдерде жұрнақ өзгерісі болады.

- сұраулы сөйлем арқылы жасалған мақал-мәтелдердің мақсаты шындықты баяндау.

- қазақ тіліндегі бұйрықты сөйлем формасымен жасалған мақал-мәтелдер қытай тілінен айырмашылығы – жіктеу формасында, негізінен екі формасы қолданылады, екінші және үшінші жақтан айтылады. Екінші жақтан айтылатын мысалда болымды немесе болымсыз түрі қамтылады. Қазақ тілінде көбінесе құрметпен атау формасы қолданылмайды.

### Әдебиеттер

- Тұрманжанов Ө. (2007). Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. – Алматы: «Білім».
- Вайцехович И.В. (2007). Практическая фразеология современного китайского языка. – М.: АСТ: Восток-Запад.
- 成世勋. (2016). 汉哈谚语对比研究. –北京: 知识产权出版社.
- 戴昭名. (2003). 文化语言学导论. 北京: 语文出版社.
- 杰弗里·里奇. (1987). 语义学. 上海: 上海外语教育出版社.
- 戴庆厦. (1993). 语言和民族. 北京: 中央民族学院出版社.
- 成世勋. (2009). 汉哈言语文化内涵对比研究. 民族教育研究.
- 许余龙. (2002). 对比语言学. 上海: 上海外语教育出版社.
- 成世勋. (2000). 试析哈萨克谚语的修辞特点. 伊犁师范学院学报.
- 美拉提汉, (1986). 金炳吉吉. 汉哈谚语词典. 乌鲁木齐: 新疆人民出版社.
- 黄伯荣 廖序东. (2006). 现代汉语. 北京: 高等教育出版社.
- 陈望道. (2006). 修辞学发凡. 上海: 上海教育出版社.
- 张绍麒. (2004). 汉外语言对比研究. 上海: 上海辞书出版社.

- 王希杰。(2004)。汉语修辞学。北京：商务印书馆。  
黄中祥。(2005)。哈萨克词汇与文化。北京：中国社会科学出版社。  
张勇。(2005)。哈萨克谚语研究。新疆大学。  
冯胜利。(1997)。汉语的韵律，词法与句法。北京：北京大学出版社。

#### References

- Ö.Turmanjanov. (2007). «Qazaq maqalaları men mätelderi» [Kazakh proverbs and sayings]. Almatı, «Bilim».
- Vaycehovıç İ.V. (2007 j.) Praktičeskaya frazeologiya sovemennogo kıtayskogo yazıkı [Practical phraseology of the common Chinese language]. M.: AST: Vostok-Zapad.
- Chéng shì xūn.(2016). Hǎn hā yǎnyǔ duībǐ yánjiū [A comparative study of Chinese and Kazakh proverbs]. -Běijīng: Zhīshì chānquán chūbǎn shè.
- Dài zhāo míng.(2003). Wénhuà yǎnyán xué dǎolùn [Introduction to Cultural Linguistics]. Běijīng: Yǔwén chūbǎn shè.
- Jiē fū lǐ•lǐ qí.(1987). Yǔyì xué [Semantics]. Shànghǎi: Shànghǎi wáiyǔ jiàoyù chūbǎn shè.
- Dàiqīngshà.(1993). Yǔyán hé mínzú [Language and ethnicity]. Běijīng: Zhōngyāng mínzú xuéyuán chūbǎn shè.
- Chéng shì xūn.(2009). Hǎn hā yǎnyǔ wénhuà nèihán duībǐ yánjiū [A comparative study of the cultural connotation of Chinese and Kazakh language]. Mínzú jiàoyù yánjiū.
- Xūyǔlóng.(2002). Duībǐ yǎnyán xué [Comparative Linguistics]. Shànghǎi: Shànghǎi wáiyǔ jiàoyù chūbǎn shè.
- Chéng shì xūn.(2000). Shì xī hāsàkè yǎnyǔ de xiūcí tèdiǎn [Try to analyze the rhetorical characteristics of Kazakh proverbs]. Yǐlǐ shīfān xuéyuán xuébào.
- Měi lǎ tí hǎn.(1986). Jīnbǐngjí jí. Hǎn hā yǎnyǔ cídiǎn [Chinese-Kazakh proverb dictionary]. Wūlǔmùqí: Xīnjiāng rénmin chūbǎn shè.
- Huángbórōng, Liǎoxùdōng. (2006). Xiàndài hànyǔ [Modern Chinese]. Běijīng: Gāodēng jiàoyù chūbǎn shè.
- Chénwángdào.(2006). Xiūcí xué fā fān [Fan of Rhetoric]. Shànghǎi: Shànghǎi jiàoyù chūbǎn shè. Zhāngshàoqí.(2004). Hǎn wài yǎnyán duībǐ yánjiū [A comparative study of Chinese and foreign languages]. Shànghǎi: Shànghǎi cǐshū chūbǎn shè.
- Wángxījié.(2004). Hànyǔ xiūcí xué [Chinese Rhetoric]. Běijīng: Shāngwù yìn shūguǎn.
- Huángzhōngxiáng.(2005). Hāsàkè cíhuì yǔ wénhuà [Kazakh vocabulary and culture]. Běijīng: Zhōngguó shèhuì kēxué chūbǎn shè.
- Zhāng yōng.(2005). Hāsàkè yǎnyǔ yánjiū [Research on Kazakh proverbs]. Xīnjiāng dàxué.
- Féng shènglì.(1997). Hànyǔ de yùnlǜ, cífǎ yǔ jùfǎ [Chinese prosody, morphology and syntax]. Běijīng: Běijīng dàxué chūbǎn shè.